

**"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомствоның бағыныстылығына қарамастан білім беру үйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызметтің көрсету қағидалары**

1. Осы Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 11) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген, меншік нысанына және ведомствоның бағыныстылығына қарамастан бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына (бұдан әрі - білім беру үйымдары) оқуға қабылдаудың тәртібін, сондай-ақ "Меншік нысанына және ведомствоның бағыныстылығына қарамастан бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру оқуға үйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау" және "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

7. Баланың немесе білім алушының ата-аналары немесе өзге де занды өкілдері баланың немесе білім алушының тілегі, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып және қабылдау шарттарына сәйкес білім беру үйымдарын таңдайды.

9. Бастауыш білімнің жалпы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдары дайындық деңгейіне қарамастан, білім беру үйымы қызмет көрсететін аумақта тұратын барлық балалардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, алты жастағы және күнтізбелік жылда алты жасқа толатын балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды қамтамасыз етеді.

9-1. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижелерін беру екі тәсіл: көрсетілетін қызметті беруші арқылы "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдары арқылы (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) қағаз түрінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті алу үшін баланың ата-аналары немесе өзге занды өкілдері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті

берушіге мемлекеттік қызметті көрсету стандартында көрсетілген Үлгілік қағидаларға 1-қосымшаның сәйкес құжаттар тізбесін ұсынады.

9-2. Бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарының бірінші сыныбына қабылданатын балалардың ата-аналарынан немесе өзге де заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 сәуірінен бастап 1 тамызына дейін жүзеге асырылады.

9-3. Портал арқылы жүгінген көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесінің алу күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама (құжаттарды қабылдау не дәлелді бас тарту) жіберіледі.

9-4. Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында баланың ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап білім беру үйымына қабылданатыны туралы хабарлама не болмаса дәлелді бас тарту келеді.

9-5. Көрсетілетін қызметті беруші оқуға қабылдау кезінде ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап білім беру үйымының қызмет көрсету аумағынан көрсетілетін қызметті алушыларға өтініш берген бірінші үшеуге оқуға қабылданғаны туралы, содан соң - ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап бірінші болып тіркелгендердің ішінен білім беру үйымының қызмет көрсету аумағынан тыс 1 (бір) үміткерге оқуға қабылданғаны туралы хабарлама жібереді.

9-6. Көрсетілетін қызметті беруші арқылы өтінімді қағаз жеткізгіште берген кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттарды тіркейді және бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға Үлгілік қағидаларға 1-қосымшаса сәйкес нысан бойынша баланың ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап қабылданатыны немесе дәлелді бас тарту туралы қолхат береді.

Өтінімді қағаз жеткізгіште берген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші баланы қабылдаған кезде ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап білім беру үйымының қызмет көрсету аумағынан көрсетілетін қызметті алушыға өтініш берген бірінші үшеуін қабылдау туралы, содан кейін - ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап бірінші болып тіркелгендердің ішінен білім беру үйымының қызмет көрсету аумағынан тыс 1 (бір) үміткерге қабылдау туралы хабарлама жібереді.

Білім беру үйымы бірінші сыныпқа қабылдау туралы бұйрықты ағымдағы жылғы 25 тамыздан кейін шыгарады.

10. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес портал арқылы немесе көрсетілетін қызметті беруші арқылы қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады;

10-1. "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызметтің алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Үлгілік қағидаларға 2-қосымшадағы мемлекеттік қызметті көрсету стандартында көрсетілген құжаттар тізбесін портал немесе қағаз жеткізгіш арқылы тапсырады.

10-2. Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтінімнің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы электрондық есептен шығару талонын және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында білім беру үйымына қабылданғаны туралы хабарламаны немесе дәлелді бас тартуды алады.

10-3. Көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды қағаз жеткізгіште қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті беруші тиісті құжаттардың қабылданғаны және қабылданғаны туралы қолхат немесе дәлелді бас тарту береді.

10-4. Көрсетілетін қызметті қағаз жеткізгіште алған жағдайда білім беру үйымынан шығатын оқушы басқа білім беру үйымына келгені туралы тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туган күні, оқу сыныбы, мектептің мекенжайы көрсетілген талон береді, осыдан кейін оған тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туган күні, оқу сыныбы, мектебінің мекенжайы және оның жеке ісі көрсетілген шығуы туралы есептен шығару талоны беріледі.

10-5. Кету туралы есептен шығару талоны білім беру үйымына білім алушының келуі және жеке ісін тапсыру үшін беріледі. Бастауыш, негізгі орта, орта білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын орта білім беру үйымынан екіншісіне ауыстыру растайтын құжаттардың негізінде білім беру үйымдары басшыларының қабылдау/шығару туралы бұйрықтарымен жүргізіледі.

10-6. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған, ұсынылған құжаттарының дұрыс еместігі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

10-7. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес тәртіппен мемлекеттік қызметтерді көрсетуді мониторингілеу ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуі қамтамасыз етеді.

15. Мамандандырылған білім беру үйымдарына оқуға қабылдау конкурстық негізде жүргізіледі (бұдан әрі-конкурс).

Мамандандырылған білім беру үйымы өзінің интернет-ресурсында конкурстық іріктеуді жүргізу кезінде сынып-жинақтарды қалыптастыруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін квотаны орналастырады.

16. Мамандандырылған білім беру үйымына түсуге үміткерлердің ата-аналарынан/занды өкілдерінен конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау ағымдағы құнтізбелік жылдың 1 наурызынан 1 сәуірге дейін жүргізіледі.

17. Мамандандырылған білім беру үйымы басшысының бұйрығымен құжаттарды қабылдау үшін жауапты тұлға тағайындалады. Жауапты тұлға конкурсқа қатысуға үміткерлердің электрондық базасын құруға (мамандандырылған білім беру үйымының атауы, аты-жөні, ЖСН, сыныбы, оқыту тілі, электрондық мекен-жайы, дипломдарының көшірмелері (бар болса) жауапты болады.

18. Конкурсқа қатысу үшін үміткердің ата-анасы/занды өкілі белгіленген мерзімде мамандандырылған білім беру үйымының интернет-ресурсында тіркеуден өтеді немесе мамандандырылған білім беру үйымына жауапты тұлғаға келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) баланың ата-анасынан немесе өзге де занды өкілдерінен өтініш;
- 2) ЖСН (қосымшада) көрсетілген үміткердің туу туралы куәлігінің көшірмесі;
- 3) үміткердің электрондық мекен-жайын көрсете отырып, үміткердің оқу орнынан үйымның мөрімен расталған фотосуреті бар анықтамасы;
- 4) үміткердің 3x4 көлеміндегі 2 дана фотосуреті;
- 5) бар болса Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі-"Дарын" орталығы), облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары өткізетін республикалық олимпиадаларға қатысқаны туралы дипломның көшірмесі қоса беріледі.

19. Конкурсқа қатысу туралы өтінішті белгілекен мерзімнен кеш беру немесе құжаттар топтамасын толық ұсынбау құжаттарды қабылдаудан бас тарту үшін негіз бола алады.

20. Құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін 3 сәуірге дейін әрбір мамандандырылған білім беру үйімінде жауапты тұлғасы конкурсқа қатысу үшін үміткерлердің электрондық базасын "Дарын" орталығына тест материалдарын қалыптастыру үшін тапсырады.

21. "Дарын" орталығы басшысының бұйрығымен үміткерлердің электрондық базасымен жұмыс істеуге жауапты тұлға анықталады.

22. "Дарын" орталығы оқуға қабылдау үшін конкурсты үйімдастыру және өткізу үшін конкурстық комиссия құрады.

23. Конкурстық комиссияның құрамына конкурстық комиссияның төрағасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің өнірлік органдарының, "Дарын" орталығының оқу-әдістемелік кеңесінің, арнайы мониторингтік топтар қызметкерлері, білім беру саласындағы қоғамдық үйімдар өкілдері кіреді.

24. Конкурстық комиссияның төрағасы Комиссия мүшелерінің арасынан сайланады. Комиссия мүшелерінің саны тақ санды құрауы тиіс, бірақ жеті адамнан кем болмауы тиіс.

25. Мамандандырылған білім беру үйімі "Мың бала" ауыл мектептерінің ұлттық зияткерлік олимпиада жеңімпаздары үшін 7-сыныпқа қабылданатын оқушылардың жалпы санының он пайызы мөлшерінде квотаны бекітеді.";

26. Мамандандырылған білім беру үйімдарына іріктеу жүргізу үшін конкурстық материалдарды "Дарын" орталығының оқу-әдістемелік кеңесі әзірлейді және бекітеді.

27. Конкурс "Дарын" орталығы белгілеген мерзімде бекітілген кестеге сәйкес 15 – 30 сәуір аралығында өтеді.

28. Конкурстық іріктеуді өткізу кестесі мамандандырылған білім беру үйімдарының және "Дарын" орталығының интернет-ресурстарында 5 сәуірден бастап 15 сәуірге дейін орналастырылады.

29. Конкурс офф-лайн (тестілеу) режимінде өтеді.

30. Конкурсты өткізу үшін тест материалдарын "Дарын" орталығының қызметкерлері конкурс басталғанға дейін бір күн бұрын мамандандырылған білім беру үйімдарына қағаз түрінде (пломбаланған) жеткізеді.

31. Конкурс әрбір өнірде жергілікті атқарушы органдармен келісім бойынша "Дарын" орталығы алдын ала айқындайтын мамандандырылған білім беру

ұйымының базасында өтеді. Үміткерлер арасында конкурс және қорытынды шығару әрбір мамандандырылған білім беру ұйымы бөлінісінде өткізіледі.

32. Білім алушыларды мамандандырылған білім беру ұйымдарына қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету үшін ғимаратқа, аудиторияға және конкурстық іріктеу алаңына енгізу үшін қолданылатын бейнебақылау және дыбыс жазу жүйесі орнатылады. Мамандандырылған білім беру ұйымы конкурсты өткізу үшін техникалық жабдықтармен жарақтандырылады.

33. 7-сыныпқа түсушілерге арналған тестілеу келесі пәндер бойынша 75 сұрақтан тұрады:

- математика және логика - 55 сұрақ;
- оқу сауаттылығы - 10 сұрақ;
- Қазақстан тарихы - 10 сұрақ.

6-сыныпқа түсушілерге арналған тестілеу келесі пәндер бойынша 60 сұрақтан тұрады:

- математика және логика - 35 сұрақ;
- оқу сауаттылығы - 15 сұрақ;
- Қазақстан тарихы - 10 сұрақ.

5-сыныпқа түсушілерге арналған тестілеу келесі пәндер бойынша 40 сұрақтан тұрады:

- математика және логика - 30 сұрақ;
- оқу сауаттылығы - 10 сұрақ.

34. Тапсырмаларды шешуге бөлінген уақыт 7 сыныпта - 120 минут, 6 сыныпта - 90 минут, 5 сыныпта- 60 минут, (тест материалдарын тарату, жауап парагының бөлімдерін толтыру, сондай-ақ көрсетілген уақытқа түсіндіру жұмыстары кірмейді).

35. Тестілеудің қорытынды нәтижелерін есептеу кезінде дұрыс жауаптар саны "4" (төрт) коэффициентіне көбейтіледі, ал бір дұрыс емес жауап "-1" коэффициентіне көбейтіледі. Осылайша, жалпы қорытынды есептеледі ( $4^*$  дұрыс жауап + (-) \* дұрыс емес жауап = жалпы қорытынды балл).

36. Нәтижелерді өндеуді Конкурстық комиссия жауап парақтарын сканерлеу арқылы жүргізеді, нәтижелерді алу "Дарын" орталығының бірыңғай тексеру жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі. Сұрақ-кітапшасы қарастырылмайды.

37. Конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша апелляция жүргізілмейді.

38. "Дарын" орталығы, облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары білім басқармалары өткіzetін республикалық олимпиадаларға қатысу туралы дипломның облыстық кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері бірдей балл

жинаған жағдайда мамандандырылған білім беру үйымына қабылдау кезінде басымдыққа ие болады.

39. "Білім-инновация лицейді" қоспағанда, мамандандырылған білім беру үйымдарына оқуға түсушілерге конкурстық іріктеу бір турда (тестілеу) өткізіледі. "Білім-инновация" лицейіне конкурстық іріктеу және қабылдау "Білім-Инновация" халықаралық қоғамдық қоры белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

40. Мамандандырылған білім беру үйымына оқуға үміткерлерді қабылдау әрбір мамандандырылған білім беру үйымының бөлінісінде бос орындарға сәйкес баллдардың ең көп санынан басталады.

41. Үміткерлерді конкурстық іріктеудің қорытындылары конкурстық комиссияның хаттамасымен ресімделеді және "Дарын" орталығының және мамандандырылған білім беру үйымының интернет-ресурстарында конкурстық іріктеу өткізілгеннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей орналастырылады.

42. Конкурс қорытындылары бойынша мамандандырылған білім беру үйымының басшысы 5 мамырға дейін келесі оқу жылышының 1 қыркүйегінде мамандандырылған білім беру үйымына қабылдау туралы бұйрық, резервтік тізімге қабылдау туралы бұйрық шығарады.

43. Үміткерлердің резервтік тізімін конкурстық комиссия негізгі бос орындарға кірмеген конкурсқа үміткерлер қатарынан (10 үміткерден артық емес) жиналған баллдардың сомасы бойынша кему тәртібімен қалыптастырады және мамандандырылған білім беру үйымының интернет-ресурсында орналастырылады.

44. Резервтік тізімге енгізілген үміткерлер мамандандырылған білім беру үйымдарына бос орын болған жағдайда оқу жылышының ішінде қабылдана алады. Бос орындардың болуы мамандандырылған білім беру үйымының интернет-ресурсында орналастырылады.

45. 8-11-сыныптарда орын босаған жағдайда мамандандырылған білім беру үйымы конкурстық іріктеуді дербес жүргізеді, бірақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 217 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығмен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбесінде № 15681 болып тіркелген) Білім беру нысандарына қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптарға сәйкес бекітілген оқушылар санынан аспайды.

46. Әскери іс, спорттың және өнердің негіздері бойынша дарынды балаларды жетілдіруге бағытталған білім беретін мамандандырылған білім беру үйимдары, мектеп Жарғысына сәйкес, функционалды кәсіби, психологиялық және

физиологиялық мәліметтерді ескере отырып, талапкерлердің екінші турын өткізеді.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі.

47. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп тұсken көрсетіletіn қыzmettі alushyның shaғымы "Мемлекеттіk көrsetіletіn қыzmetter туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2) тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп тұsken көrsetіletіn қыzmettі alushyның shaғымы tіrkелgen kүnіnен bастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

48. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көrsetіletіn қыzmettі alushy Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы 24 маусымдағы  
№ 264 бұйрығына  
қосымша

Бастауыш, негізгі орта және  
жалпы орта білімнің жалпы  
білім беретін оку  
бағдарламаларын іске асыратын  
білім беру үйимдарына окуға  
қабылдаудың үлгілік  
қағидасына  
1-қосымша

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту  
үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру үйимдарына күжаттарды қабылдау және  
окуға қабылдау" мемлекеттік қызметті көрсету стандарты

1	Көrsetіletіn қыzmettі berushinің atauы	Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйимдары (бұдан әрі – көrsetіletіn қыzmettі berushі)
2	Мемлекеттік	1) <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы;

	көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	2) көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған, сондай-ақ портал арқылы жүгінген сәтінен бастап – колхат алу үшін бір жұмыс күні; Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына қабылдау үшін: сырттай және кешкі оку нысанына – 30 тамыздан кешіктірмей; 1-сыныпқа – 1 сәуірден 1 тамыз аралығында.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электронды / қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері	<p>Құжаттарды қабылдау туралы қолхат беру және осы орта білім беру ұйымына қабылдау туралы бұйрық шығару Стандарттың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жүзеге асырылады.</p> <p>Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық колтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында білім беру ұйымына қабылданғаны туралы хабарлама келеді.</p> <p>Көрсетілетін қызметті беруші қабылдау барысында ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап өз аумағынан өтініш берген үш көрсетілетін қызметті алушыға, содан кейін - басқа аумақтан алдыңғы тіркелгендер қатарынан 1 (бір) үміткерге ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап қабылданғаны туралы хабарлама жолдайды. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту кезінде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға бас тарту себептерін көрсете отырып, дәлелді жауап жолдайды.</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі үшін қағаз жеткізгіште жүгінген кезде нәтиже қағаз жеткізгіште ресімделеді.</p>
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан альнатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші - 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;</p> <p>2) <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> порталында орналасқан.</p>
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті	көрсетілетін қызметті берушіге: 1) осы стандартқа 2-қосымшага сәйкес өтініш;

	күжаттардың тізбесі	<p>2) жеке басын растайтын құжаттың түпнұсқасы (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі),</p> <p>3) денсаулық жағдайы туралы анықтама ("Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бүйрігімен бекітілген № 063/у нысан (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіrкеу тіzlіmіnде № 6697 болып тіrкелген) және "Бала денсаулығы паспорты" 026/у-3 есеп нысанын толтыру және жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2003 жылғы 24 маусымдағы № 469 бүйрігімен бекітілген № 026/у-3 нысан (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіrкеu тіzlіmіnде № 2423 болып тіrkелgen));</p> <p>4) баланың 2 данада 3x4 см өлшеміндегі фотосуреті; Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды білім беру үйымдарына окуға қабылдау үшін занды өкілдерінің келісімі болған жағдайда педагогикалық-медициналық-психологиялық комиссияның қорытындысы қосымша беріледі. Шетелдік және азаматтығы жоқ көрсетіletіn қызметті алушылар өздерінің мәртебесін айқындайтын, тұrғылықты жері бойынша тіrkелgenі туралы белгісі бар мынадай құжаттардың біrіn ұsыnады:</p> <p>1) шетелдіk – шетелдіktің Қазақстан Республикасында тұruғa ыktиярхаты;</p> <p>2) азаматтығы жоқ адам – азаматтығы жоқ адамның жеке кuәlіgі;</p> <p>3) босқын – босқын кuәlіgі;</p> <p>4) пана іздеуші – пана іздеуші адамның кuәlіgі;</p> <p>5) оралман – оралман кuәlіgі.</p> <p>Порталға:</p> <p>1) көrсетіletіn қыzmettі алушының naқты tұrғылықты жerі kөrsetiлgen, onың өkіlіnің ЭЦҚ қoйыlғan kөrsetiletіn қyзmettі алушының ata-anasynyң (nemese onың zaңdy өkіlderіnіn) bіrіnің eлektroндық құjat nyسانыndaғы etiніshі;</p> <p>2) denсаuлық jaғdайы tуралы aнықtamалarynyң ("Denсаuлық saқtau ұyимdaрыnyң bas tapqы mediciналық құjattamа nyسانadaryn bекіtu туралы" Қazақstan Respublikasy Denсаuлық saқtau ministrinі mіndetіn atқarushyның 2010 жылғы 23 қarashadaғы № 907 bүйrыgыmen bекіtіlgen № 063/u nyсан (Normativtіk құkыktyқ aktіlerdі memlekettіk tіrkeu tіzliміnde № 6697 bolыp tіrkelgen) (Normativtіk құkыktyқ aktіlerdі memlekettіk tіrkeu tіzliміnde № 6697 bolыp tіrkelgen) жәne "Bala denсаuлығы pasporty" 026/u-3 esep nyсанын toltyru жәne jүrgіzu жөnіndegі Nuсkaуlyқtы bекіtu туралы" Қazақstan Respublikasyны Denсаuлық saқtau ministrinі mіndetіn atқarushyның 2003 жылғы 24 mausymdaғы № 469 bүйrыgыmen bекіtіlgen № 026/u-3 nyсан (Normativtіk құkыktyқ aktіlerdі memlekettіk tіrkeu tіzliміnde № 2423 bolыp tіrkelgen)) eлektroндық nuсkасы;</p> <p>4) balanyn 3x4 cm өlшemіndegі sandық fotosureti. Kөrsetiletіn қyzmettі алушының жеке basыn rastai тыn құjat, balanyn tuu tуралы kuәlіgі, mekenjai aнықtamasы tуралы mәlіmetterde "eлektroнды үkіmet" shlyzi arқылы tiistі mемлекетtіk akparattyk жүyelerden alady. Kөrsetiletіn қyzmettі алушының portalы arқылы jүgіn gen kезde "jекe kabinetiне" ЭЦҚ-men rastalғan eлektroнды құjat nyсаныnda mемлекетtіk қyzmettі kөrsetu үshіn suratudyң қabыldanғanы tуралы xabarlama-esep жoldanady. Kөrsetiletіn қyzmettі алушы mемлекетtіk kөrsetiletіn қyzmet standartynда karastyrylgan tіzbegе sәykes құjattar top tammasыn tolыk ұsыnbagan жәne (nemese) koldanu merzimі өtken құjattardы ұsынғan jaғdайda kөrsetiletіn қyzmettі berushi etiніshті қabыldaудan bas tartady.</p>
9	Қазақстан Республикасының	1) көrsetiletіn қyzmettі алушының mемлекетtі kөrsetiletіn қyzmettі alu үshіn ұsыnғan құjattardы жәne (nemese) olardaga деректердіn (mәlіmetterdіn) aнық

	заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тартуы	еместігін 2) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынған құжаттарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандагы № 546 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17553 тіркелген) Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйимдарына окуға қабылдаудың ұлгілік қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) сиынп-жинақталымының шамадан тыс толуы.	анықтау;
10	Мемлекеттік қызметтерді, оның ішінде электрондық нысанды және Мемлекеттік корпорация арқылы ұсыну ерекшеліктерін ескеретін өзге де талаптары	Құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзак уақыты 15 (жиырма) Кызмет көрсетудің ең ұзак мерзімі 15 минуттан аспайды. Көрсетілетін қызметті алушы ата-анасының (занды өкілдерінің) ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысандада алуга мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "Жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы, және бірыңғай байланыс-орталығы (1414), 8-800-080-7777 арқылы қашықтықтан қолжетімділік режимінде алу мүмкіндігі бар. Ушінші тұлғалардың қызмет алу шарттары: Порталдағы "Жеке кабинеттен" ақпарат сұрапатын тұлғаның келісімімен, үшінші тұлғалардың электрондық сұранысы.	"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру үйимына құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету стандартына 1-қосымша Нысан

Оку орынының атавы  
Басшысына

Аты-жөні (толық)

### Қолхат

білім беру үйимының көрсетілге н қызметті алушыдан құжаттарды алғаны туралы

(білім беру үйимының толық атавы)

(елді мекеннің, ауданның, қаланың және облыстың атавы)

№ \_\_\_\_\_ құжаттарды қабылдау туралы қолхат

келесі құжаттар \_\_\_\_\_ алынған:

(көрсетілген қызмет алушының Т.А.Ә.)

1. өтініш

2. басқа \_\_\_\_\_

Отінішті қабылдау күні \_\_\_\_\_

Т.А.Ә. (болған жағдайда) (құжатты қабылдаған жауапты)  
(қолы)

Телефон \_\_\_\_\_

Алдың: Т.А.Ә. (болған жағдайда)/көрсетілген қызметті алушы)  
"\_\_\_" 20 \_\_\_ жыл

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы  
орта білім беру бағдарламалары  
бойынша ведомстволық  
бағыныстырынына қарамастан  
білім беру ұйымына  
құжаттарды қабылдау"  
мемлекеттік қызмет көрсетеу  
стандартына  
2-қосымша  
Нысан

Оку орнының атавы  
Басшысына

Аты-жөні (толық)

### Отініш

Менің ұлымды / қызымды (баланың Т. А. Ә. (болған жағдайда))

сыйнып \_\_\_\_\_  
(білім беру ұйымының толық атавы)  
мекенжайы бойынша тұратын

(елді мекеннің, ауданның, қаланың және облыстың атавы)

оқыту үшін  
Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді  
пайдалануға келісемін

"\_\_\_" 20 \_\_\_ жыл  
(қолы)